# "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2002 жылға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1759

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002

жылға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1199

P011199_

қаулысына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2002 жылға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1759 қаулысымен
бекітілген

"ҚАЗАЭРОНАВИГАЦИЯ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫН
ДАМЫТУДЫҢ 2002 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
ЖОСПАРЫ

Астана, 2001

Пайдаланылатын қысқарған сөздердің тізімі

РМК Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ҚР Қазақстан Республикасы
ӘК Әуе кеңістігі

ИКАО Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
ИАТА Халықаралық авиатасымалдаушылар қауымдастығы
АНҚ Аэронавигациялық қызмет көрсету
АЖО Диспетчердің автоматтандырылған жұмыс орны
ӘҚБ Әуе қозғалысын басқару
ӘҚҰ Әуе қозғалысын ұйымдастыру
CNS/ATM "Әуе қозғалысын ұйымдастыру мүддесі үшін Байланыс, Навигация, Бақылау" тұжырымдамасы
НОТАМ Аэронавигациялық ақпарат
ААҚ Аэронавигациялық ақпарат қызметі
РТЖБП Радиотехникалық жабдықтар мен байланысты пайдалану
БЭАЖ Белгіленген электр байланыстың авиациялық желісі
ЖРО-ӘДО Таратушы радиоорталықтың өмірлік - диспетчерлік пункті
ШРЛ Шолу радиолокаторы
АНА Аэронавигациялық алымдар
РТЖ Радиотехникалық жабдық

## 1-тарау. Ұлттық компанияның сипаттамасы

Кәсіпорынның атауы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе қозғалысын басқару және ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету мен электр байланысының жерүсті құралдарын техникалық пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны ("Қазаэронавигация" РМК), ұшу қауіпсіздігін нығайту және республикамыздың әуе қозғалысын басқарудың бірыңғай технологиялық жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 10 мамырдағы N 489

P940489_

қаулысымен және 1995 жылғы 22
маусымдағы "Қазаэронавигация" кәсіпорнын "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының құрамынан бөліп шығару туралы" Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 133 бұйрығымен құрылды.

Негізгі функциялары:

әуе қозғалысын басқару;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде (ҚР ӘК) ұшуларды

орындаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
ҚР ӘК пайдалану тәртібін үйлестіру;
Қазақстан Республикасындағы әуе қозғалысын жоспарлау;
радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарын пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, тапсырыс беруді және пайдалануға беруді қамтамасыз ету;
ҚР ӘК-де аэронавигациялық қызмет көрсеткені үшін алым алу;
ұшуды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету;
ҚР ӘК пайдалану кезінде болған қақтығыстар мен бұзушылықтарды есепке алу және тексеруге қатысу;

ҚР ӘК-нің қауіпсіз пайдаланылуын реттейтін ережелер, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік кесімдерді әзірлеуге қатысу;

Жарғылық қоры: 2,1 млрд. теңге

Активтері: 14,0 млрд. теңге

Жылдық айналымы: 5,1 млрд. теңге

Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін пайдалануды және оған техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға айрықша құқығы болғандықтан, "Қазаэронавигация" РМК-ның табиғи монополист мәртебесі бар, сондықтан "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Z980272_ Заңына сәйкес "Қазаэронавигация" РМК Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркеліміне енгізілген.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік кәсіпорынның аэронавигациялық қызмет көрсету тарифтерін бекітеді және шығынның пайда болуын бақылауды жүзеге асырады.

## 2-тарау. Ұлттық компанияның 2000-2001 жылдардағы өндірістік-қаржылық дамуын талдау

"Қазаэронавигация" РМК-ның құрамына жоғарғы әуе кеңістігінде, жергілікті әуе желілерінде және Қазақстан Республикасының барлық әуеайлақтарында аэронавигациялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын 17 филиал кіреді. Жабдықтардың жаңғыртылуы және әуе қозғалысын басқару рәсімінің оңтайландырылуы - ӘҚҰ-ның 12 ауданынан аэронавигациялық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. "Мұнара" диспетчерлік пункттері 15 әуежайға енгізілген.

Қазіргі уақытта ұзақтығы 49000 км құрайтын халықаралық әуе жолдарының қазіргі желісі мен 72 халықаралық әуе дәлізі - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін

пайдаланушылардың барлығының мұқтаждарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Алайда, дүниежүзілік экономиканың құлдырауына және соған орай Еуропа мен Азияның арасында жолаушы мен жүк ағынының төмендеуіне байланысты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе қозғалысының көлемі 2001 жылы 9 айда 53,6 мың ұшуды құрайды, бұл 2000 жылғыдан 7% кем.

Ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында кәсіпорында НОТАМ кеңсесі құрылды және "Брифинг" үлгісі бойынша экипаждың ұшар алдындағы дайындық жүйесі енгізілуде.

Ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету процесі автоматтандырылды және қызметшілерді оқыту ісі жүргізілді, осының нәтижесінде шығыстар қосымша қысқартылып, ААҚ мамандарының санын 43-ке дейін оңтайландыруға мүмкіндік туды.

Радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарын пайдалану қызметі мамандары 2000-2001 жылдары РТЖ-ның жұмысқа қабілетті жағдайын қалпына келтіру және ұстап тұру бойынша күрделі және еңбекті көп қажет ететін кешенді жұмыстар орындады, өйткені 4500 РТЖ бірлігінің 82% өз ресурстарын атқарып болған. Жалпы көлемі 87% кабельдік және 62% радиорелелік байланыс желілерін ауыстыру қажет.

РТЖ техникалық сақталуы мен радионавигациялық жүйелерді ұшуда тексеруге шыққан шығыс 2000-2001 жылдары бәрін қосқанда 260 млн. теңгені құрады.

2001 жылы кәсіпорынның орташа штаттық саны 2645 адамды құрайды.

1. Тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі.

Табыстың негізгі үлесі, 82% астамы, шетелдік авиакомпаниялардың транзиттік рейстерінің есебінен; 12% Қазақстан авиакомпаниялары есебінен және 6% кемі басқадай қызмет көрсетулер (байланыс, негізгі құралдарды жалдау, коммуналдық қызмет көрсету) есебінен қалыптасады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшу маршруттары мен әуеайлақ аудандарындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету көлемін бейнелейтін өндірістік көрсеткіштер: ұшақ-километр, ұшақ-ұшып шығу және әуе кемелерінің ең үлкен ұшу салмағының тоннажы болып табылады.

2001 жылы өндірістік көрсеткіштер:

93,6 млн. ұшақ-километр, 2000 жылға қарағанда төмендеуі 1%, немесе 614 мың километр;

31,45 мың ұшақ-ұшып шығу, 2000 жылға қарағанда өсуі 12%, немесе 3,4 мың ұшып шығу;

1390 мың тонна ұшақ-ұшып шығу, 2000 жылға қарағанда өсуі 13%, немесе 64 мың тоннаны құрайды.

2. Қызметтің қаржылық нәтижелері.

"Қазаэронавигация" РМК-ны дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары

бойынша 2001 жылдың кірісі 7 760 млн. теңгені құрауға, яғни, 2000 жылдағыдан 5,7% артық болуы тиіс еді.

Бірақ 2001 жылғы қызметтің қорытындысы бойынша табыс 7289 млн. теңгені құрайды, яғни, жоспарланғаннан 6% немесе 471 млн. теңге кем.

2000 жылмен салыстырғанда табыс 1% немесе 54 млн. теңгеге кемиді. Кәсіпорын табысының 2001 жылы жоспарланғаннан төмендеуі - жыл басынан бастап шетелдік авиакомпаниялардың транзиттік ұшуларының алдыңғы кезеңмен салыстырғанда қысқаруына және 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-та болған оқиғалар мен Ауғанстандағы соғыстың бел алуына байланысты болды.

Кәсіпорынның шығысы 2001 жылы 4 779 млн. теңгені құрайды, бұл жоспарланғаннан 0,5% кем. 2000 жылдың дерегіне қарағанда, негізінен тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі есебінен; сондай-ақ валютамен немесе АҚШ доллары бағамымен төленетін қызметтер көрсету мен тауар-материалдық құндылықтарға (ТМҚ) АҚШ доллары бағамының теңгеге шаққанда өсуі есебінен шығыс 9,3% артады.

Кәсіпорын еңбекақы төлеміне жоспарланған қор шегінде 1 171 млн. теңге жұмсалады деп күтуде. 2000 жылдан өсімі 16,3%. Жалпы шығындардан еңбекақы төлемі шығысының үлесіне 24,5% тиеді.

Әлеуметтік салық (еңбекақы төлемінің салық салынатын қоры 2001 ж.07.01-нен бастап 26% және 21%) 248 млн. теңге, немесе жалпы шығынның 5%.

Радиотехника құралдары мен телекоммуникация жүйелерін жетілдіруді, ескірген жабдықтарды ауыстыруды жүргізу нәтижесінде 2000 жылмен салыстырғанда, 2001 жылы кәсіпорынның негізгі құралдарының құны 3 427 млн. теңгеге, немесе 39% артады .

Осыған сәйкес, амортизациялық аударым сомасы 2001 жылы 896 млн. теңгені құрайды, 2000 жылғыдан өсуі 28%. Кәсіпорынның барлық шығынының 19% амортизациялық аударымның үлесіне тиеді.

Өндірістік сипаттағы тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулерді сатып алуға ( қосалқы бөлшектер алу, телекоммуникация қызметіне ақы төлеу, электр қуаты, радиотехника құралдарын сынау, кадрлар даярлау, негізгі құралдарды ағымдағы жөндеуден өткізу т.б.) кәсіпорын 858 млн. теңге, немесе бүкіл бюджеттің 18% жұмсауды болжап отыр.

Басқа шығыстар (іссапарлық, жалпышаруашылық, кеңселік, почта-телеграфтық және телефондық, банк қызметтері, несие пайыздары, шығын ҚҚС-ы және үстеме шығыстар) 1606 млн. теңгені, немесе барлық шығынның 34% құрайды.

Кәсіпорынның 2001 жылғы салық салынбаған табысы 2 510 млн. теңге, бұл жоспардағыдан 7% және 2000 жылғыдан 15% төмендеген.

2001 жылдың нәтижесі бойынша мемлекеттік бюджетке таза табыстың 4% немесе 65 млн. теңге аударылады.

2001 жылы дебиторлық берешек 2000 жылғыдан 160 млн. теңгеге артып 4 150 млн. теңгені құрайды. 2001 жылғы 1 қаңтарда дебиторлық берешектің сыбағалы салмағының басымын мерзімдік қаржылық көмек көрсету қызметі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің шешімі бойынша "Қазаэронавигация" РМК "Эйр Қазақстан" үшін міндеттемелер бойынша төлеген - 1503 млн. теңге немесе 38% құрайды. АНҚ қызметі бойынша дебиторлық берешек 1377 млн. теңге немесе берешектің 35%. Болашақта жеткізіп беру есебінен жеткізушілерге берілген авансқа және ұзақ мерзімділерімен қоса алғанда басқа да дебиторлық берешекке, берешектің 27% келеді. 2001 жылдың аяғына қарай қазақстандық авиакомпаниялардың төлем қабілеттіліктерінің төмендігінен АНҚ қызметіне дебиторлық берешек өседі.

"Қазаэронавигация" РМК-ның кредиторлық берешегі 2000 жылғы 4 135 млн. теңгеге қарағанда 2001 жылы 3 606 млн. теңге болды. Кредиторлық берешектің төмендеуі төлем кестесіне сәйкес, "AIRSYS ATM" фирмасына навигациялық жабдықтарды жеткізіп тұруға жасалған келісім-шарт бойынша, "Эксимбанк Қазақстан" ЖАҚ және "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ-ға ұзақ мерзімдік несие міндеттемелерін төлеуге байланысты болды.

2001 жылы "Қазаэронавигация" РМК-да бюджетке төлем бойынша мерзімі өткен берешек болған жоқ.

3. Өнімдер, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер мен бағалар динамикасы.

"Қазаэронавигация" РМК-ның аэронавигациялық қызмет көрсетуге арналған тарифі жоғарғы әуе кеңістігі мен әуеайлақ аудандарында аэронавигациялық қызмет көрсету үшін алынатын алым ставкасы Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 1/10 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан аэронавигациялық алым жинауды "Қазаэронавигация" РМК Қазақстан Республикасы Халықаралық авиатасымалдаушылары қауымдастығының (IATA) клирингтік палатасы арқылы жариялаған аэронавигациялық ақпарат циркулярының негізінде және пайдаланушылармен келісім жасау жолдарымен жүргізеді.

Алым жинаудың жүйесі әуе кемесінің ең үлкен ұшу салмағына, авиакомпаниялардың мемлекеттік тиесілігі мен орындалған ұшу үлесіне қарай сараланып отырады. Қазақстандық авиатасымалдаушыларға тұрақты ішкі рейстерді орындағанда алым мөлшеріне 0,5 төмендету коэффициенті қолданылуы көзделгендіктен, Қазақстан авиакомпаниялары үшін тарифтер шетелдік авиакомпанияларға қолданылатын мөлшерден төмен;

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1999 жылғы 15 қыркүйектегі 68/2-ОД бұйрығымен Қазақстан Республикасының тұрақты рейстерді орындайтын әуе кемелері

резиденттерін пайдаланушылардан аэронавигациялық қызмет көрсету үшін ақы 1999 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген (1 АҚШ доллары үшін 87,5 теңге) бағам бойынша алынады.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1998 жылғы 21 тамыздағы N 3/6 қосымша қаулысымен тұрақты ішкі рейстер үшін, егер олар бір айдың ішінде 100% алдын-ала төлеген жағдайда, 10%-дық жеңілдік беру қосымша белгіленді. Осы бұйрықпен халық шаруашылығында қолданылатын ұшуларға, аэронавигацияның радиотехникалық құралдарын ұшуда сынауға және жаттығу ұшуларына жеңілдіктер қолданылады.

Тарифтердің бұлайша саралануы отандық авиатасымалдаушыларға қолдау көрсетуге және республиканың ішкі рейстерінің әлеуметтік мәнін ретке келтіруге бағытталған болатын, алайда ол ішкі тасымалдың едәуір өсуіне әкелмеді және жолаушылар тарифін төмендетпеді, немесе бір қалыпқа келтірмеді.

Бұл ретте 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік актілер мен Ауғанстандағы соғыстың бел алуы нәтижесінде Еуропа мен Азия арасындағы рейстер санының азаюы және соған байланысты аэронавигациялық қызмет көрсетудің дүниежүзілік нарқында бәсекелестіктің шиеленісуі, қолданыстағы тарифтік саясатты қайта қарау қажеттігін күшейте түсті.

Сонымен қатар, табиғи монополия субъектісі болғандықтан және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қорғау жөніндегі агенттігі бекіткен шығынды қалыптастырудың ерекше тәртібін сақтай отырып, "Қазаэронавигация" РМК нарықтық ахуалға қарай тарифтік ставканы өз бетімен жасай алмайды.

## 4. Компанияның инвестициялық қызметі.

2000-2001 жылдары "Қазаэронавигация" РМК радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарының (бұдан әрі - РТЖ) жаңасын енгізіп, қолда барын пайдалануда алдына қойылған міндеттерді орындады. Пайдалануға мынадай жабдықтар енгізілді:

"SIEMENS AG"-пен жасалған келісім-шарт бойынша МВРЛ-СВК екінші радиолокаторларының 4 жиынтығы (Ақтау, Жезқазған, Қостанай, Атырау);

МВРЛ-СВК екінші әуеайлақтық радиолокаторлардың 2 жиынтығы Астана мен Алматыда;

"Синтез-АРМ-Р" диспетчерлердің автоматтандырылған жұмыс орындарының 8 жиынтығы (Ақтау, Жезқазған, Қостанай, Атырау);

АРМ-А 4 жиынтығы Алматы мен Астанада;

СП-90 Атырауда;

ВОР/ДМЕ Астанада;

РП-95 Алматыда;

тоқтаусыз қоректену көзі 4 жиынтық;

DPS деректері процессорының 5 жиынтығы;

Алматы, Семей, Ақтөбе, Орал, Қызылордадағы спутниктік байланыстың 5 жерүсті станциясы;

Шымкент пен Жезқазғандағы қатынас коммутациясының 2 орталығы (ҚКО);

"CISCO" фирмасының Алматы, Астана, Орал, Қызылорда, Ақтөбе, Астана, Семей, Балқаш, Тараз, Шымкенттегі сандық жабдықтары;

Тараз, Петропавл, Шымкенттегі радиорелелі станциялар;

Алматы, Астана және Ақтөбедегі "DENRO" диспетчерлік дыбыстық байланысы;

12 көп каналды сандық магнитофон.

2000-2001 жылдарда инвестицияның жалпы сомасы 7 206 млн. теңгені құрайды.

2001 жылғы инвестицияның бағдарламасы - төлемі 1 760 мың АҚШ долларын құрайтын "Транспорт-тауэр" құрылысына қатысуды ескере отырып құрастырылған. 2001 жылдың жалпы инвестициясының сомасы бағдарлама бойынша 17,5 млн. АҚШ долларын немесе 2596 млн. теңгені құрайды.

## 3-тарау. Ұлттық компанияны дамытудың 2002 жылға арналған жоспары

1. Тауарлар, жұмыстар және қызметтер көрсету өндірісі, қаржы қызметі.

"Қазаэронавигация" РМК дамытудың 2002 жылға арналған жоспарын әзірлеу негізінде экономиканың шынайы секторын дамыту жолымен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық реформасын әрі қарай тереңдетіп, тездетуге бағытталған жалпы мемлекеттік стратегия жатыр.

2002 жыл жоспарының стратегиялық мақсаты дүниежүзілік авиациялық қоғамдастықтың барлық талаптарына жауап беретін, ҚР әуе кеңістігін пайдаланушылардың аэронавигациялық қызмет көрсетудегі барлық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін дамытудың жолдары мен әдістерін анықтау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету - әуе қозғалысын ұйымдастыру саласында ең озық технологияны енгізуді, ең соңғы радиотехникалық жабдықтар мен авиациялық электр байланысы жүйелерін іске қосуды болжайды, кәсіпорын құрылымын әрі қарай оңтайландыру және барлық мүдделі тараптардың тығыз үйлесімділігі мен күш біріктіруін қажет етеді.

"Қазаэронавигация" РМК өндірістік-қаржылық қызметінің 2000-2001 жылдардағы нәтижелерін, Халықаралық азаматтық авиация ұйымдары ИКАО мен ИАТА болжамдарын, дүние жүзінде экономикалық және саяси жағдайдың қалыпты жағдайға

келуін, Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің арасындағы әуе трафиктерінің болжамды ұлғаюын, сондай-ақ, әуе қозғалысы үдемелілігін ұлғайту жөнінде белсенді маркетингтік жұмыстар жүргізілуін негізге ала отырып, 2002 жылы алда негізгі мынадай міндеттерді орындау тұр:

1) "Қазаэронавигация" РМК негізгі қызметін - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді (АНҚ) - сипаттайтын өндірістік көрсеткіштерін сақтап қалуға қол жеткізу, соның ішінде :

ұшақ - километрлер 2001 жылғы бағалану деңгейінен 2% төмен және 2000 жылдың дерегімен салыстырғанда 4% төмен;

ұшақ-ұшып шығулар 2001 жылғы бағалану деңгейінде және 2000 жылдың дерегінен 12% артық;

ұшақ-ұшып шығулардың тоннажы 2001 жылғы бағалану деңгейінде және 2000 ж. дерегінен 13% артық;

2) 2000 жылдың дерегінен 5% өсуімен және 2001 жылғы бағалануында 3% артығымен 7 105 млн. теңге көлемінде негізгі қызметтен табыс алу;

3) негізгі емес қызметтен табыс алу - 188 млн. теңге;

4) 2000 жылға қарағанда 17% және 2001 жылғы бағалаудан 5% артық болатын 5 028 млн. теңгені өндірістік мақсаттарға жұмсау;

5) негізгі емес қызметке 153 млн. теңге жұмсау;

6) 2001 жылғы бағалануымен 5% немесе 117 млн. теңгеге төмендеуімен 2 393 млн. теңге сомасына салық салынатын табыс алу;

7) заңды тұлғалардан бюджетке 833 млн. теңге табыс салығын аудару;

8) таза табыстан 6% немесе 93,6 млн. теңге мемлекет бюджетіне аудару; 94% немесе 1 446 млн. теңге резервтегі капиталдың қалыптасуына бағытталады, оның ішінде 966 млн. теңге өндірісті дамытуға, 500 млн. теңге үмітсіз дебиторлық берешек бойынша резерв құруға жұмсалады.

"Қазаэронавигация" РМК қазіргі дебиторлық берешегін азайту мақсатында, авиакомпаниялармен өзінің талап-қуыным жұмыстарын жандандыруды жоспарлап отыр.

2002 жылы кәсіпорын аэронавигациялық қызмет көрсету мәселесі жөніндегі халықаралық ақпарат-үйлестіру кеңесі ИКСАНО ұйымымен бірлесіп істейтін жұмысын одан әрі жалғастырады сондай-ақ, талап-қуыным жұмысының тиімділігін арттыру үшін заңгерлік компанияларды іске тартады.

2002 жылы "Қазаэронавигация" РМК ұзақ мерзімдік несиелік берешегі 2000 жылмен салыстырғанда 30%, 2001 жылғыдан 33% төмендетуді жоспарлап отыр.

2. Өнімдер, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер мен бағаларды жоспарлау және олардың негіздемесі.

Аэронавигациялық қызмет көрсетудегі дүниежүзілік рынокта бәсекелестіктің

шиеленісуі, шетелдік авиакомпаниялардың транзиттік рейстер ағынының азаюы нәтижесінде, жоспармен салыстырғанда кәсіпорын табысының 2001 жылы төмендеуі аэронавигациялық алымдарды (АНА) есептеу кезінде икемдірек тариф жүйесінің қажеттігін күшейтеді.

АНА көтеру жағына қарай икемделген тарифтер жүйесін пайдалану мүмкіндіктерінің бірі EUROCONTROL формуласы бойынша алымды есептейтін қазіргі әдіске көшу болып табылады:

R = T* D* Қ Weight/50, бұл жерде, R - аэронавигациялық алым, T - "Unit Rate" коэффициенті, D - ұшу ұзақтығы, км, Weight - әуе кемесінің ең үлкен ұшу салмағы.

Формула арнайы таблица бойынша анықталатын әуе кемесінің ең жоғары ұшу салмағы мен аяқталған ұшудың ұзақтығына тәуелділігі икемдірек болып келетін "Unit Rate" коэффициентін қолдануды қарастырады. Жоғарыда көрсетілген коэффициентті формулаға айыру таблицасы 10 салмақтық топқа және ұшудың нақты ұзақтығы бойынша 4 топқа дараланған.

АНА есеп айырысудың бұл әдістемесі - кәсіпорында АНА ұйымдастырудың, операторларда әуе кемелері паркі туралы нақты деректердің болуын, ұшулар жүзеге асырылатын әуе жолдарының ортодромдық ұзақтығының неғұрлым жоғары есебін жүргізуді талап етеді.

EUROCONTROL формуласын қолданған кезде АНА ставкасына Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі бекіткен жоғарылату коэффициенттерінің сақталуы ағындардың тұрақтылығын реттеу жөнінде қосымша құрал болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қазақстандық компаниялар орындайтын ішкі рейстердің өсіп отырған көлемі - кезінде отандық шағын кәсіпкерлерді қолдау үшін қабылданған ішкі тұрақты рейстер үшін жасалған төмендету коэффициенттері мен АҚШ долларының белгіленген бағамын алып тастауды негіздеуге мүмкіндік береді.

2002 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде кәсіпорын EUROCONTROL формуласы бойынша АНА есептеу әдісіне көшу қажеттігінің қаржы-экономикалық негіздемесін EUROCONTROL талаптарына жауап беретін және АНА технологиясының өндірісін әзірлеуді жоспарлап отыр.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) АНА-ға қатысты Дос 908/6 саясатына сәйкес, аэронавигациялық қызмет көрсету провайдері аэронавигациялық қызмет көрсетуді пайдаланушылармен алым алу және оның мөлшері жөнінде консультация жүргізуі тиіс. Осыған байланысты "Қазаэронавигация" РМК өз тарифтеріндегі өзгерістерді монополияға қарсы органмен қатар ИАТА-мен ( Халықаралық авиатасымалдаушылар қоғамдастығымен) де 2002 жылдың бірінші тоқсанында келісуді жоспарлап отыр.

## 3. Инвестициялық бағдарлама.

2002 жылға арналған негізгі құралдарға инвестиция 2 162 млн. теңгеге

болжамдалды. "Қазаэронавигация" РМК өз қаражатының есебінен инвестиция радиотехника құралдары мен электр байланысын ауыстыру мен жаңғыртуға, өндірістік қажетті негізгі құралдар алуға, құрылыс-жинақтау жұмыстарына, оның ішінде " Транспорт Тауэр" ғимаратының құрылысына жұмсалады.

Бұрын жасалған келісім-шарттардың міндеттемелері бойынша 2002 жылы " Қазаэронавигация" РМК "Thomson-CSF Airsys" "Airsys ATM GmbH" фирмаларына 3 млн. АҚШ долларын төлеуді жоспарлап отыр, бұл тұтастай алғанда, инвестиция бағдарламасының 22%-ын құрайды.

"Қазақстан Халық Банкі" ААҚ-ға несиені жабу есебімен 2,5 млн. АҚШ долларын төлеу міндеті тұр.

Инвестиция бағдарламасы РТЖ-ның мынадай ірі нысаналарын ауыстыру, алу және енгізуді көздейді:

радиорелелік станциялар - 810 мың АҚШ доллары;

мультиплексорлар - 980 мың АҚШ доллары;

радиолокациялық ақпаратты бейнелейтін (АРМ-Т) аппаратурасы - 300 мың АҚШ доллары;

қону радиомаяктік жүйесі - 627 мың АҚШ доллары;

навигация жүйелері (ВОР/ДМЕ) - 643 мың АҚШ доллары;

ОРЛ-А ДРЛ-7СМ жаңғырту және жөндеу - 1 млн. АҚШ доллары;

"Амур" локациялық позициясы - 615 млн. АҚШ доллары;

есептеу техникасының жабдығы - 352 мың АҚШ доллары;

құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу - 510 мың АҚШ доллары;

"Транспорт Тауэр" ғимаратының құрылыс-монтаж жұмысына - 2 250 мың АҚШ доллары;

басқа инвестицияларға - 268 мың АҚШ доллары.

4. Маркетинг жоспары.

Маркетинг қызметінің орташа мерзімді жоспарлаудағы негізгі міндеті - Еуропа және Оңтүстік Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия және Таяу Шығыс елдері бағыттарына транзиттік қозғалыстың қосымша ағынын тарту үшін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінен өтетін бағыттардың артықшылығын пайдалану болып табылады.

Осы мәселені шешу және осыған сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына қосымша ағындар тарту төңірегіндегі жұмыс шеңберінде, әр түрлі мемлекеттік органдардың - Азаматтық авиация комитетінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің бірлескен күштерін қолдануды талап ететін

шаралар кешенін өткізу қажет. Бұл шаралар кешені төмендегідей болмақ:

1) әуе ағындарын ұйымдастыру және жоспарлау жаңа халықаралық әуе жолдарын ашу жөнінде іргелес мемлекеттердің уәкілетті органдарымен (үкіметтік деңгейді қоса алғанда) өзара қарым-қатынас:

Қазақстан Республикасының елшілігі арқылы тиісті мемлекеттердің үкіметтік мекемелерімен байланыс;

елшіліктер және "Эйр Қазақстан" авиакомпаниясының өкілдігін де қоса, мемлекеттердің авиациялық әкімшіліктерімен өзара әрекеттестікте болу;

мүдделі мемлекеттердің әскери ведомстволарымен мәселелерді шешу үшін Қорғаныс министрлігінің тиісті құрылымдарын пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының аумағына әуе қозғалысы ағындарын тарту жөнінде азаматтық авиация субъектілері арасында бірыңғай үйлестірілген саясат жұмыстарын әзірлеу;

3) транзиттік рейстерге қызмет көрсету сапасын көтеру үшін Қазақстан Республикасы әуежайларының сервистік инфрақұрылымын дамыту:

транзиттік өңірлер құру;

тұтынушылар мен пайдаланушылардың талабын қанағаттандыратын әуежайлық алымдарды қалыптастыру;

авиациялық жанармайдың баға саясатын ретке келтіру;

4) іргелес мемлекеттердің аэронавигациялық қызметтерімен Қазақстан Республикасының әуе жолдары әлеуетін барынша пайдалану мәселесі жөнінде келіссөздер ұйымдастыру және жүргізу;

5) транзиттік ұшулар мен қону арқылы ұшатын рейстерді орындауда Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мәселесі жөнінде авиакомпаниялармен тікелей келіссөздер ұйымдастыру және жүргізу;

6) Қазақстан мен Қытайдың шекарасындағы жаңа дәліз арқылы ұшуды Қытай авиакомпанияларының (Air China, China Southeм, China Easten) орындауы жөніндегі мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының елшілігі мен "Эйр Қазақстан" компаниясының Қытайдағы өкілдігін іске тарту;

7) Қазақстан Республикасының Германиядағы, Италиядағы, Франциядағы, Нидерландтағы, Швейцариядағы, Түркиядағы, Израильдегі, Ресейдегі, Украинадағы, Белоруссиядағы, Балтық жағалауы мемлекеттеріндегі елшіліктерін, олардың авиакомпанияларының (Lufthansa, Alitalia, Air Ғrance, KLM, Swissair, Turkish Airlines, EL AL Israel, т.б.) ұшу бағыттарын Еуропадан Оңтүстік - Шығыс Азия елдеріне баратын рейстерді орындау кезінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін трансазиялық маршруттарға ауыстыру қажет;

8) ИКАО-ның CNS/ATM тұжырымдамасын енгізу арқылы халықаралық аэронавигация саласында бірыңғай технология мен стандарттар жасау жолымен осы аймақта ұшулардың қауіпсіздігін және әуе жолдарын пайдалану тиімділігін арттыру

бойынша ТАСИС-пен "Оңтүстік Шеңбердің әуе жолдары, II кезең" бірлесіп іске асыратын жобаны әрі қарай іс жүзіне асыру;

9) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі және Қорғаныс министрлігінің бірлескен шараларын өткізуді әзірлеу жолымен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат алу рәсімін жеңілдету;

10) ИКАО, ИАТА халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен өзара әрекеттестік;

11) авиакөлік секторы, атап айтқанда, аэронавигация саласындағы халықаралық кеңестер мен көрмелерге қатысу, шаралар және осындай шараларды Қазақстан Республикасында ұйымдастырып өткізу;

12) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен нарық жағдайындағы өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік беретін аэронавигациялық АНҚ үшін алымдар ставкасын қолдану жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу және енгізу.

Жоғарыда аталған маркетинг жоспарын іске асыру нәтижесінде 2002 жылы кәсіпорын тұрақты өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді сақтап қалуды жоспарлап отыр.

## 5. Компанияның әлеуметтік бағдарламасы.

Кәсіпорынның орташа тізімдік саны 2002 жылы 2645 адамды құрайды.

Негізінен тұтыну бағасы индексінің өсуі есебінен 2002 жылы орташа жалақының деңгейі айына 39 160 теңгені құрайды, 2000 жылғыдан өсуі 21% және 2001 жылғы бағалануы бойынша 6,1%.

Жаңа жабдықтарды енгізуге, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылар құрамының өзгеруіне байланысты, "Қазаэронавигация" РМК-ның авиадиспетчерлері мен инженерлік-техникалық қызметшілерінің кәсіби дайындықтарына талап күшеюде.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында ӘҚҰҚ және РТЖБПҚ мамандарын кәсіби және тілдік дайындықтан өткізуге лайықты тиісті оқу орындары жоқ. Сондықтан, кәсіпорынның өз қаражатына қызметшілерді шетелдік оқу орындарында дайындауға баса назар аударылады.

2002 жылы кәсіпорын ӘҚҰҚ мен РТЖБПҚ біліктілігін арттыру курсына 330 маманын мына оқу орындарына жібереді:

Рудлоу Манордағы мамандандырылған колледж (Ұлыбритания) - ӘҚҰҚ мамандарының кәсіби және тілдік дайындығы, 140 адам;

Санкт-Петербург мемлекеттік аэроғарыштық құрал-аспап университетіне (Ресей) - РТЖБПҚ 60 маманы;

